

RESUME

To solve the problem of providing the population with food, the importance is given to dairy cattle breeding, a necessary condition for the intensive management of which is the maximum use of the reproductive potential of the breeding stock. The practice of dairy cattle breeding has shown that in many farms there is widespread mastitis during lactation and deadwood, which causes farms and the dairy industry a lot of economic damage resulting from a decrease in milk yield, milk quality, death and growth retardation of calves the cost of medicines for the treatment of cows and calves, as well as increasing the labor costs of veterinary specialists. The development of new, effective, environmentally friendly ways to diagnose mastitis in cows, based on the use of modern equipment, is extremely important and necessary for the successful development of animal husbandry. The article discusses the possibility of diagnosing mastitis with the electronic detector «Draminski», the preparation Mastidin and using the Somatos-mini somatic cell analyzer in Holstein cows. As a result of the comparative efficiency of the use of methods for diagnosing mastitis, it has been established that the Draminski electronic detector is a more efficient and fast method for determining the subclinical state of mastitis in cows.

ӘОЖ 619:616.995.132.2

Сариев Н.Ж., ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Балғалиев Е.Б., магистрант

Ибраева М.М., магистрант

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ҰСАҚ МҮЙІЗДІ ҚАРА МАЛЫНЫҢ СТРОНГИЛЯТОЗДАРЫНЫҢ ЭПИЗОТОЛОГИЯСЫ, ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Атамекен шаруа қожалығында қойлардың стронгилятоздарының эпизоотологиясы, емдеу әдістері мен нәтижелері баяндалады. Қойлардың гельминтоздарының ішінде, қазіргі уақытта, ең көп тарағаны -ас қорыту жүйесінің стронгилятоздары. Стронгиляттар қарындарда, ішектерде тоғышарлық етеді, геогельминттерге жатады. Олар қойдың денесіне трофикалық (қоректік), токсикалық (уыттық), механикалық (ішекті бітеу, жару), инокуляторлық (патогенді микробтардың құрттардың балаңқұрттарының денесімен сыртқы ортадан ішекке енуі) әсерлер етіп, тоғышарлық етеді.

Малдың тірі кезінде стронгилятоздарға диагноз қою өте қиын. Эпизоотологиялық деректер, аурудың сырт белгілері және гельминтокопрологиялық зерттеулер жеткіліксіз, диагностикалық дегельминтизацияның да нәтижесі шамалы. Нақтылы тәсіл: құрт жұмыртқаларынан балаңқұрттарын өсіріп, жұқпалы сатысына жеткізіп, солардың түрін анықтау арқылы диагноз қою. Ұсақ мүйізді қара малының стронгилятозы болғандықтан қой малына көңіл бөліп, нәжісінен сынама алып лабораторияда тексерілді.

Қойдан алынған нәжісті мал дәрігерлік клиникада «Фюллеборн» әдісі бойынша тексерілді. Сонымен қатар ұсақ мүйізді қара малының инвазияның экстенсивтілігі мен интенсивтілігі зерттелген.

Жалпы клиникалық көріністері: асқорыту қызметінің бұзыл уы, кілегейлі қабықтардың бозаруы, қанның азаюы, малдың күйсізденіп -әлсіреуі, қоңының төмендеуі т.б. Бұлардың бәрі ішқұрт ауруларының ортақ белгілері.

Түйін сөздер: *стронгилятоз, гельминтокопрологиялық зерттеулер, гельминтоз, инвазияның экстенсивтілігі мен интенсивтілігі, геогельминт.*

Мақсаты. Алғаш рет Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданының «Атамекен» ауылдық округіндегі университеттің асылтұқымды қой шаруашылығында өткізіледі. Ұсақ мүйізді қараның стронгилятоздарын маусымдық және жастық дамуын зерттеп, олардың алдын

алу мен емдеу жұмыстарында «Универм» және «Аверсект-2» (инъекциялық препарат) препараттарын қолданудың салыстырмалы тиімділігі анықталды.

Әдістер мен материалдар. Стронгилятоздарға шалдыққан ұсақ мүйізді қара малының қанының морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштері қаралады.

Күйіс қайыратындардың асқазан -ішегінде нематода тобына, *strongylata* тек тармағына жататын құрттардың көптеген түрлері паразиттік жолмен тіршілік етеді. Олар төрт тұқымдастардан тұрады - *Teichosrongylidae*, *Ancyllostomatidae*, *Strongylidae* және *Trichonematidae*. Бұлардың бәрі күйістілер ас қорыту жүйесін мекендейтіндіктен, көпшілігінің өсіп-өнуінің ұқсастығына байланысты, олар тудыратын аурулардың эпизоотологиясы, өрбуі (попогенезі), клиникалық көріністері, сонымен қатар оларға қарсы қолданылатын дауа негізінен бірдей. Стронгилятоздар қазірдің өзінде ауыл шаруашылығы экономикасына орасан зиянын келтіреді. Олар мал өлімінен, мал өнімінің сан -сапасының төмендеуінен, құрт жайлаған мүшелердің жарамсыздығынан, ішқұрт аурулар арына қарсы жүргізетін ем -дауа шара -ларының қиындығы мен қымбаттылығынан құралады.

Өсіп-өнуі. Ас қорыту ағзаларында өмір сүретін стронгиляталар, геогельминттер қатарына жатады, яғни олар тікелей аралық иесіз дамиды. Нематоданың ұрықтанған ұрғашылары көпт еген жұмыртқалар салады, олар нәжіспен бірге сыртқы ортаға тарайды. Қоршаған ортаның қолайлы жағдайында (жеткілікті ауа, мол ылғал, қажетті температура 20 - 25⁰С) бірнеше сағат (12-17) аралығында жұмыртқа ішінде балаңқұрттар дамиды. Олар жұмыртқа қабыршығына нышығып, екі дүркін түлейді, денесі сыртынан қосымша екі құндаққа (чехол) оралып, 4-8 тәулік аралығында инвазиялық немесе залалдағыш жұқпалы сатысына дейін өсіп жетіледі. Ауарайы салқын болса, даму жылдамдығы бірнеше күнге немесе бірнеше аптаға тежеледі. Балаңқұрттар белсенді түрде қи -тезектен босап, жан-жаққа тарай бастайды. Олар дымқыл топырақта, шөпте ширақ қозғалып, өсімдік сабағына, жапырағына өрмелейді. Балаңқұрттардың кезбелігі (миграция) сыртқы ортаның ылғалдылығы көтерілген сайын күшейе түседі, яғни таңертең, іңірде, түнде, жауын -шашыннан кейін олар белсенділік танытады. Нематодалар суық ызғарға да төтеп бере алады, өздерінің тіршілік ету қабілетін 3 -4 ай немесе оданда да көп уақыт сақтайтындығы анықталған. Кейбір нематодалардың өсіп өнуі сәл басқаш а өтеді. Олардың балаңқұрттары бастапқыда жұмыртқадан шықпайды, онда олар екі рет түлеп жұқпалы сатысына жетіп, сонан соң ғана жұмыртқа қабықшасын жарып сыртқа шығады. Даму мерзімі аталған гельминттерден сәл созылық (10 -15 тәулік).

Күйістілер стронгиляталарды көбінесе өрісте жұқтырады. Жұқпалы балаңқұрттар мал денесіне шөппен не сумен (шалшық сулардан) бірге енеді. Азықтандыру тәртібі қатаң сақталмаса, мал қорада да құрттардың жұғуы мүмкін [1-4]. Сондықтан стронгилятоздарды зерттеулер қазіргі уақытта жал ғасуда, осы ретте әртүрлі препараттар сыналып, олардың экстенс және интенс тиімділіктері анықталып, өндіріске ғылыми ұсыныстар дайындалып, енгізілуде. Ғылыми зерттеулер Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Атамекен қой шаруашылықтарында 2017-2018 жылдары жүргізілді. Осы ретте қозылар, 1 -1,5 жастағы қойлар, саулықтар жылдың әрбір айында зерттелінді. Копрологиялық зерттеулер Фюллеборн және Дарлинг әдістерімен жүргізілді. Инвазия экстенсиві және интенсиві анықталып, талдау, қорытындылар жасалынды. Препараттарды сынау тәжірибе және бақылау топтарында жүргізілді. Жүргізілген тәжірибелердің құндылығы -сыналған препараттардың экстенс және интенс тиімділіктерінің анықталуы. Бұл көрсеткіштерді анықтаудың теориялық ғана емес, үлкен тәжірибелік, өндірістік маңызы бар. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қойлардың стронгиляттармен зақымдалуы анықталды (1 кесте).

1 кесте - Қойлардың стронгиляттармен зақымдалуы

Айлар	Қозылар		1-1,5 жас қойлар		Саулықтар	
	ИЭ,%	ИИ, Жұмыртқа	ИЭ,%	ИИ, Жұмыртқа	ИЭ,%	ИИ, жұмыртқа
1	10-80	1-4	10-60	1-5	10-40	1-7
2	40-50	1-4	10-50	1-3	5-30	1-5
3	-	-	8-30	1-3	10-30	1-5
4	-	-	5-40	1-5	10-40	1-7
5	5-50	1-5	5-50	1-3	8-30	1-5
6	10-60	1-7	30-60	1-4	10-40	1-6
7	20-80	3-8	30-90	3-5	5-40	2-6
8	25-85	3-10	40-90	5-10	10-50	3-8
9	10-60	2-10	30-80	3-5	5-60	3-5
10	10-50	1-15	25-70	3-9	5-50	2-5
11	20-60	1-8	20-80	3-5	10-60	2-8
12	40-70	2-10	20-75	3-5	10-50	2-10

Қозылардың қыс мезгілінде стронгиляттармен инвазия экстенсиві (ИЭ) 10-80%, инвазия интенсиві 1-10 жұмыртқа микроскоптың бір алаңында (көрсеткіш 7x8), осыған сәйкес 1-1,5 жас төлде және саулықтарда 10-75%, 1-5 және 5-50%, 1-10 болды.

Наурыз-сәуір айларында қозылар туа бастады. Ал мамырда қозылардың ИЭ 5-50%, ИИ 1-5 болды. 1-1,5 жастағы төлде ИЭ 5-50%, ИИ 1-5, саулықтарда 10-40%, 1-7 болды.

Жазда қозыларда ИЭ, ИИ ең жоғары -80-85% ИИ 8-10 жұмыртқалар болды. Осы ретте ИЭ, ИИ 1-1,5 жастағы төлде, саулықтарда жоғары болды, 60-90%, 5-10 және 40-50%, 6-8 болды.

Күзде ИЭ қозыларда төмендеді (50-60%) ИИ кейбір қозыларда (1-15) жоғарлады. 1-1,5 төлде ИЭ біраз төмендеді (70-80%) және ИИ (3-8). Саулықтарда ИЭ біраз көбейді (50-60%), ИИ жаздағы қалпында қалды.

Қозылардың стронгилятоздарына қарсы Альбендазол препаратын қолдандық (кесте 2). Препаратты тәжірибе тобындағы 15 қозыға бердік. Бақылау тобындағы 10 қозыға препарат берілмеді. Тәжірибе алдында және тәжірибеден кейін бесінші күні қозылардың нәжістерін Дарлинг әдісімен тексеріп, ИЭ, ИИ анықтадық.

Тәжірибеден кейін тәжірибе тобындағы қозылардың нәжістерін тексергенде стронгиляттардың жұмыртқалары табылмайды. Препараттың стронгиляттарға қарсы ЭТ, ИТ көрсеткіштері 100% болды (2 кесте).

2 кесте - Қозылардың стронгилятоздарына қарсы альбендазолды қолдану

Препарат	Мөлшері, Қолдануы	Тәжірибе алдында		Тәжірибеден кейін		ЭТ,%	ИТ,%
		ИЭ,%	ИИ, жұмыртқа	ИЭ,%	ИИ, жұмыртқа		
Альбендазол Тәжірибе тобы-15 қозы	5мг/кг, ішке, жеке беру, бір рет	100	3-10	-		100	100
Бақылау тобы-10 қозы	-	100	2-5	100	3-7	-	-

Ескерту:

ИИ-инвазия интенсиві, микроскоптың бір көру алаңындағы жұмыртқалар саны (үлкейткіш 8x7).

ЭТ-экстенс тиімділігі,

ИТ-интенс тиімділігі.

3 кесте - Қозылардың стронгилятоздарына қарсы мебендазолды қолдану

Препарат	Мөлшері Қолдануы	Тәжірибе алдында		Тәжірибеден кейін		ЭТ,%	ИТ, %
		ИЭ,%	ИИ,жұмыртқа	ИЭ,%	ИИ,жұмыртқа		
Мебендазол Тәжірибе тобы-10 қозы	20мг/кг,ішке, жеке беру,бір рет	100	3-8	-	-	100	100
Бақылау тобы-8 қозы	-	100	2-8	100	3-7	-	-

Ескерту:

Инвазия экстенсиві дегеніміз барлық зерттелген малдардың ішіндегі зақымдалған малдардың пайыздық көрсеткіштері.

ИИ-инвазия интенсиві, микроскоптың бір көру (үл кейткіш 8x7) алаңындағы табылған құрттың жұмыртқаларының не құрттың болу құрттарының ең төменгі және ең жоғарғы көрсеткіштері.

ЭТ-экстенс тиімділігі,

ИТ-интенс тиімділігі.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасалды:

1. Қойлардың стронгилятоздары Батыс Қазақстан облысының әртүрлі жекеменшік шаруашылықтарда көп таралған.

2. Қозылардың стронгиляттармен зақымдалуы 5-85 %, 1-1,5 жастағы төлде - 5-90 %, саулықтарда - 5-60%, ал инвазия интенсиві, осыларға сәйкес – 1-1,5, 1-10, 1-10 жұмыртқа микраскоптың 1 алаңында болды (үлкейткіш 7x8).

3. Альбендазол, мебендазол препараттарының стронгиляттарға қарсы экстенс және интенс тиімділіктері 100 % болатыны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Березкина С.В. антгельминтики при смешанных гельминтозах // Достижение науки и техники АПК. - 1991. - №6. – С.23-24.

2. Исаков М.М. Эймериозы и эймериозно-гельминтозные инвазии овец и ангорских коз на востоке и северо-востоке Казахстана, меры борьбы с ними: автореф. ... канд. с.-х. наук: 06.02.01. – Алма-Ата: Атамура, 1968. – 21 с.

3. Ысқақов М.М., Ахметжанова А.Е. Қойлардың эймериозды -нематодирозды инвазиясына микрокапсулды нафтамон мен нилвермді химкокцид -7 препаратымен үйлестіріп қолдану // Шәкәрім атындығы Семей мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2010. - №4. - С.147-149.

4. Тимофеев И.В., Мигунов И.М. профилактика заражения ягнят гельминтами. //Информ листок. – 1989. - №176-189.– С 1-3.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены данные по сезонно-возрастной динамика стронгилятозов овец и результаты проведенных опытов по испытанию препаратов при стронгилятозах. В статье описаны результаты методов лечения стронгилятозов в овцеводческом хозяйстве «Атамекен», Таскалинского района Западно-Казахстанской области. Среди гельминтов овец в настоящее время наиболее распространенным является стронгилятоз пищеварительного тракта. Стронгиляты, оплодотворенные в кишечнике, относятся к геогельминтинам. Они оплодотворяются под воздействием токсических, токсичных (токсичных), механических (расщепление), инокулянтов (патогенных микробов, проникающих в кишечник снаружи в организм). Большой ущерб животноводству наносят болезни, вызываемые нематодами из подотряда *Strongylata*. Они, как правило, носят массовый характер и протекают тяжело, особенно у молодняка овец. У пораженных животных уменьшается продукция молока, мяса,

снижается качество шкур. В большей степени поражается молодняк сельскохозяйственных животных, среди которого чаще, чем среди взрослых животных, наблюдается гибель.

Трудно диагностировать стронгилятозов во время жизни животного. Эпизоотологические данные, признаки заболевания и гельминтокопрологические исследования недостаточны, а результаты диагностики дегельминтизации незначительны. Реалистичным подходом является диагностика личинок путем выращивания яиц. Также параллельно была изучена экстенсивность и интенсивность инвазии овец.

Общие клинические проявления: расстройства желудочно-кишечного тракта, кровопотеря, гибель скота, депрессия и т. д. Это распространенные симптомы диарейных заболеваний.

RESUME

The article contains the data on seasonal and age dynamics of sheep' strongilyatosis and the results of the performed studies on testing products, used at strongilyatosis. The article describes the results of the treatment of strongylotosis in the sheep farm «Atameken», Tuskalinsky district of the West Kazakhstan region. Among the worms of sheep, the most common is strongylotosis of the digestive tract. *Strongylats*, fertilized in the intestine, are geohelminthins. They are fertilized under the influence of toxic, toxic (toxic), mechanical (splitting), inoculums (pathogenic microbes that enter the intestine outside the body).

It is difficult to diagnose strongylatosis during the life of the animal. Epizootological data, signs of the disease and helminthocoprological studies are insufficient, and the results of the diagnosis of deworming are insignificant. A realistic approach is to diagnose the larvae by growing eggs.

Common clinical manifestations: gastrointestinal disorders, blood loss, death of livestock, depression, etc. These are common symptoms of diarrheal diseases.

ӘОЖ 619:614.484

Танбаева Г.А., ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы

Тагаев О.О., ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Алиханов К.Д., PhD, аға оқытушы

Барахов Б.Б., ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауым дастырылған профессор

¹ А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы

² «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

³ «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

ЕТ ӨНДЕУ КӘСПОРЫНДАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ДЕЗИНФЕКЦИЯ САПАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ САНИТАРИЯЛЫҚ – ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Аннотация

Халықаралық ережелерге сәйкес жаңа ветеринариялық препараттар мен дезинфекцияның рационалды технологиялары тиімділігі жоғары, экологиялық қауіпсіз, препараттардың сапасы талап етілетін нормаға сәйкес және барлық компоненттері әр уақытта тұрақты, ал физикалық -химиялық және биокинетикалық көрсеткіштері қолданылған жағдай да өзгеріссіз сақталуы тиіс. Бүгінгі таңда еліміздегі ет өндіру және өңдеу өнеркәсібінің дамуы, бәсекелестікті күшейтіп, өндірілетін ет өнімдерінің сапасына және оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар жоғарылады. Көптеген ғаламдардың мәліметтері бойынша жылы сайын ет өңдейтін кәсіпорындар санитариялық ережелерді сақтамау салдарынан дайын өнімнің 5 -10% жоғалтады. Сондай-ақ технологиялық қондырғылардың дұрыс жуылып - зарарсыздандырылмауы өнімнің бактериялық ластануына, ал микробпен залалданған өнім өз кезегінде тұтынушының тағамдық улануға ұшырауына әкеп соғады. Сондықтан да сапасы жоғары өнім алу үшін, ең алдымен, өндіріс гигиенасын және санитариясын дұрыс ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар дезинфекцияның тиімді тәсілдерін де дұрыс таңдау керек.